



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №18 (9468) 13 мамыр 2022 ж.

Жеңімпаздар рухына тағзым



Адамзат тарихындағы қантөгісті соғыстың аяқталғанына 77 жыл. Отан үшін от кешкендерді еске алып, рухына тағзым етіп, құрмет көрсету мақсатында биыл ауданымызда Жеңіс күні ерекше ілтүпатпен аталып өтті.

9 мамырда сағат 9:00 - де аудан орталығындағы Жеңіс саябағында ауған соғысының ардагерлері және аудан тұрғындары майдан даласында ерлікпен

қаза тапқан отандастарымыздың рухына тағзым етіп, мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, құрбандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Осынау тағылымы мол шараға аудан әкімі Талғат Қайнарбеков қатысты.

Сол күні мерекелік шара «Жастар» саябағында жалғасты. Аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері патриоттық рухтағы ән-шашуларын ортаға салып, көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Жеңіс күні құрметіне «Ұлан» сауда үйінің демеушілігімен шағын футболдан ауданаралық жарыс өтті. Тартысты жарысқа 20-ға жуық команда қатысып, жүлдегерлер анықталды.

Майдангерлерге құрмет көрсетілді

Жеңіс күні қарсаңында аудан әкімі Талғат Қайнарбеков Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арнайы барып сәлем беріп, мерекелік құттықтап арнайы дайындалған сый-сияпаттарын табыс етті.

Аудан басшысы Қарғалы ауылында тұратын Алексей Федорович Галкин, Пораничник ауылында тұратын Геннадий Федорович Ульяновтың үйлерінде болып, майдангерлермен бірлесіп майдан әндерін қосыла шарқап, ардагерлер ұрыс даласында ерлікпен қаза тапқан қаруластарын еске алды.

Сол күні Сарқан қаласының тұрғыны 98 жастағы Берлібек Ысқақов атамның шаңырағында болған Талғат Қанатұлы ақ дастархан басында майдангердің ақ батасын алды.

Майдангерлерді құттықтауға аудандық мәслихат хатшысы Марат Разбеков пен аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков қатысты.

Алдияр Батыр рухына



Мамырдың 7-сі күні Бақалы ауылындағы атшабарда қазақ - жоңғар соғысында туған елін қорғап, Садыр руының ұранына айналған Алдияр батыр бабамыздың құрметіне дүбірлі ат жарысы өтті.

Ел ұранына айналған баһадүр бабамыздың есімі келер ұрпаққа үлгі-өнеге болып келеді. Сол күні атшабар төрінде 13 үй тігіліп, асқа жиналған ағайынға қошамет көрсетілді. Сонымен қатар бабамыз жайында тың деректермен толықтырылған "Алдияр батыр" кітабы таратылды. Еліміздің түпкір-түпкірінен келген кіл жүйріктер бақ сынасқан бәйге белгіленген ережеге байланысты өтіп, жеңімпаздар анықталды.

Аламан бәйгеде бас жүлдені сарқандық Ержанов Маманның арғымағы жеңіп алып, автокөлік иеленді. Құнан бәйгеде бас жүлдеге қойылған атан түйені Жамбыл ауданы, Дегерес ауылынан келген Ақжігітов Жеңістің жүйрігі еншіледі.

Өз тілшіміз.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізілсін.
2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.
3. Осы Жарлық және «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.
6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 5 мамыр № 888

Қ.Тоқаев

Указ Президента Республики Казахстан

О проведении 5 июня 2022 года республиканского референдума

В соответствии с пунктом 1 статьи 91 Конституции Республики Казахстан и статьей 18 Конституционного закона Республики Казахстан

«О республиканском референдуме» ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Провести 5 июня 2022 года республиканский референдум.
2. Вынести на республиканский референдум проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан» со следующей формулировкой вопроса: «Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года».
3. Официально опубликовать 6 мая 2022 года в средствах массовой информации настоящий Указ и проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан».
4. Возложить организацию и проведение республиканского референдума на Центральную избирательную комиссию, выполняющую функции Центральной комиссии референдума, а также на территориальные и участковые избирательные комиссии, выполняющие функции территориальных и участковых комиссий референдума.
5. Правительству Республики Казахстан совместно с Центральной избирательной комиссией Республики Казахстан, другими центральными государственными органами и местными исполнительными органами Республики Казахстан принять необходимые меры по организации и проведению республиканского референдума.
6. Настоящий Указ вводится в действие со дня опубликования.

Президент Республики Казахстан

Нур-Султан, Ақорда, 5 мая 2022 года № 888

К.Тоқаев

Сарқан аумақтық референдум комиссиясы

Орталығы: инд.041500.Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №117, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, тел.21996. Жұмыс уақыты 09:00 – 18:30, 13:00 - 14:30 үзіліс.

Комиссия төрағасы - Естеуов Муратбек Касымбекович
Комиссия төрағасының орынбасары - Асқарова Айгуль Оразғалиевна
Комиссия хатшысы - Кабдолданова Салтанат Сакеновна
Комиссия мүшелері - Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Нурғалиева Шолпан Каналовна, Турғанбай Бота Сырлыбекқызы, Богданова Виктория Олеговна

Сарканская территориальная комиссия референдума

Центр: инд.041500.г.Сарқан, улица Тауелсиздик №117, Сарканский районный отдел занятости и социальных программ, тел.8(72839)2-19-96. Время работы с 09:00 до 18:30, перерыв с 13:00 до 14:30

Председатель комиссии – Естеуов Муратбек Касымбекович.
Заместитель председателя комиссии – Асқарова Айгуль Оразғалиевна
Секретарь комиссии – Кабдолданова Салтанат Сакеновна
Члены комиссии – Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Нурғалиева Шолпан Каналовна, Турғанбай Бота Сырлыбекқызы, Богданова Виктория Олеговна

Қазақтың зиялы қауымы осыдан екі ғасыр бұрын қалыптастып, қазақ тілі ұлттың тіліне айналғанды. Абай өлеңдерінің жинағы, Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал», «Маса», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» қараңғылықты жарып, оқырмандарының көңіліне сәуле түсірді. Қазақ ағартушыларының ұраны «Оян, қазақ!» болып, «Айқап» пен «Қазақ» газетінің өмірге келуі де осы тұс. Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикасын жасап, қалың елін сауаттандыруға атсалысты. Ахаңның әліппесі бастаған идеология ұлтты біріктіру үшін жұмыс жасады.

«Олжалы жерде – үлестен қалғанымыз, жоралы жерде-жолдан қағылғанымыз: бәрі надандық кесепаты», - дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Осындай ұғымнан туындаған ойларым жуырда ғана қағазға түскен өлеңімде көрініс тапқан сияқты:

Алаш үшін ақылман ең көшелі,
Деп үндедің: білімді ел өседі,
Білімсіз ел көшке ере алмай өшеді...
Амал қанша, сыймадыңыз маңдайға,
Біз кешкен сор бес елі.

Көкте құстай ұшам десең – ал білім,
Суда киттей жүзем десең – ал білім.
Талпынады, - дедің, - бәрі жандының.
Амал қанша, талабым кем болған соң,
Ұйқылы-ояу қалғыдым.

Ұлттың ұлы құндылығы тіл дедің,
Тілдің қадір-қасиетін біл дедің.
Жазба тілдің шештің алғаш күрмеуін.
Сіз кеткен соң сеңге ұрынған балықтай,
Оң-солымды білмедім.

Адамдықтың туын биік ұстадың,

Тіл ғылымына бой ұрғандар қандай да бір грамматикалық категорияны зерттеу үшін Ахаң еңбектеріне жүгінеді. Байтұрсынұлының «Тіл құралы» мен «Әдебиет танытқышы» шын мәнінде ғалымның тілтанымдық мұрасы. Ғалымның кез келген терминдері ойға бірден жатталып қалады, үлкен-кішіге бірдей түсінікті.

Абыз Ахмет атамыз кейінгіге іздене білудің айқын өнегесін қалдырған жан. Ол кісінің еңбектері 1929 жылы ұсталып кеткенге дейін толықтырылып, жетілдіріліп, өзгертіліп шығып отырған. Мысалы, «Тіл құралдың» отыздан астам

Ұлттың ұлы ұстазы

Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту Алаш қарыстарының басты бағдарламасына еніп, күрескерлік идеясының нақты бағытына айналған болатын. Алайда Кеңес үкіметі шеңберді тарылтты, коммунизмге тек бір ғана тілмен – орыс тілімен баруға алғышарт жасалды. Дегенмен жариялылық кезеңінде, 1989 жылғы 22- қыркүйекте мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілінің деңгейін көтеру алғашқы жылдары оң үрдіс алды. Қазақ мектептері, қазақ балабақшалары көптеп ашылды. Мемлекеттік тілді қолданатындар саны еселеніп көбейді. Амал не, биліктің немқұрайдылығынан мемлекеттік тіліміз өз дәрежесінде қолданылмай, орыс тілі сонау кеңес дәуіріндегідей төрге шықты. Есіктен сығалаған өз тіліміз туған топырағында өгейлік көрді. Бойында қазақтың қаны бар қандастарымыздың барлығы да осыған қынжылады, оңтайы келіп тұрғанда мемлекеттік мәртебесі бар тілімізді тірілте алмай жүргенімізге намыстанады да.



Қымбат тұттың жұрт ісі мен жұрт қамын.
Парызға адал бола білдің-ұтқаның.
Қазақ елі қалмаса деп үлестен,
Қарекетті құптадың.

Асылымды жоғалтып-ап, қамығам,
Шенді біткен шүлдірлейді шет тілде,
Оралар ма жерігендер қағынан?!
Өтті өмірің қазақ жоғын іздеумен,
Абыз қартым – қазынам!

нұсқасы бар көрінеді. Қорыта келгенде Ахаңның еңбектері фиолологтарға ғана емес жалпы елге керек қазақтың асыл мұрасы.

Ұлт ұстазының сонау жиырмасыншы ғасырда көтерген қазақ тілінің кеңсе тілі болуы мәселесі бүгінгі таңда тіптен маңызды бола түсті. Қазіргі кеңсе тілі, жасыратыны жоқ, орыс тілінің аудармасы. Қандай да бір жарлық, бұйрық, қаулы, шешімдер алдымен орыс тілінде жазылады да сөзбе-сөз қазақ тіліне



ұсынылатын түрлі ақпараттар бүгінгі күн талабымен үндеседі.

Ғұлама Ахаңнан қалған мұраның бәрі де елдің ертеңі үшін жасалған игі қадам болатын. - «Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа, Жол сілтедім жақын емес, алысқа, Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,- Дедім,- сен де қатарыңнан қалыспа!», - дейді Ахмет Байтұрсынұлы өзінің басты мақсат-мүддесімен бөлісе отырып. Орасан зор арманымен елін алға жетелеген біртуар тұлғамен қалай мақтансақ та жарасады.

Ерте сезіп кер заманның салмағын,
Туған елге ғұмырыңды арнадың.
Сын сағатта алты Алаштың арысы,
Үнсіз қала алмадың.

Сасық миль құрбанына құлқынның,
Жаның ашып жанартаудай бұлқындың.

Шуақ құйдың салқын,
Бейқам жүрекке,
Ұлы ұстазы ұлтымның.

Құл боп кетіп мынау күйкі тірлікке,
Көшбасшысы жоқ тобыр боп жүрдік пе?

«Жөн көрсеттің қазақ деген намысқа»,
Қадіріңді білдік пе?

Иланбасаң несие сөз айтпадың,
Ел мүддесі үшін тізгін тартпадың.
Ақ пен қызыл илегісі келсе де,
Мұратыңнан қайтпадың.

Көкжасыққа айырбастап асылды,
Кесір заман қадырыңды қашырды.
Тіл – мұранды оқып өсті ұрпағың,
Сызып тастап атыңды.

Қайда барам өз жұртымнан безгенмен,
Алдау, арбау... қазағым жоқ өзгерген.
«Жол сілтедің жақын емес, алысқа»,
Жүре алмадық сол жолмен.

Зорлық көрдік, запыран жұттық,
Зарладық,
Бодан болдық намыс қалып,
Ар қалып,
Алаш жолын азат жол деп танымай,
Азап жолын таңдадық.

Тәуелсіз боп ататұғын таң да ерек,
Жігер бердің қатарыңнан қалма деп.
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда»,
Алға бастар ер керек.

Сондай тұлға өзің едің, абызым,
Өлген жоқсың, өшкен жоқсың,
Бар ізің.
Қиянатқа қимасым ең, жетер ме,
Жаратқанға арызым.

Азап шектің қалың қазақ қамы үшін,
Ел есейді, жақын қалды алысым.
Халқыңменен бірге жаса мәңгілік,
Ар-ұятым, намысым!

Жомарт ИГИМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

аударылады. Шыны керек осындай құжаттардың қазақша нұсқасын түсінбей орысша мәтінін іздестіріп жүреміз. Ол үшін, біріншіден, «Тіл туралы» Заңға өзгерістер енгізілгені жөн. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-ші бабына қосымша «Қазақстанның азаматы мемлекеттік тілді білуге міндетті», «Мемлекеттік қызметті мемлекеттік тілді білетін азаматтар атқарады» деген тармақтар енгізілгені дұрыс. Сонда ғана қазақ елінде қазақ тілінің заңды дамуы қамтамасыз етіледі.

Тіліміздің басына қауіп төне бастаған кезеңдердің бәрінде «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп ана тілімізге ара түскен Ахмет Байтұрсынұлының ұлағаты бүгінгі күнде ұлттың рухын көтеретін әрі намысымызды оятатын ұғым болып, жүрегімізден орын алды. Еліміздің татулығы мен бірлігін, ынтымақтастығы мен ырысын арттыратын, елдігімізді паш ететін, жас ұрпақты патриотизмге баулитын да осы тілдің құдіреті.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қырық мысал» (1909 ж.), «Маса» (1911 ж.) кітаптары арқылы қазақ балалар әдебиетінің дамуына да үлес қосты. Білім мен ғылымды ел ішінде насихаттау мақсатында ол аудармамен шұғылданған. Мысалдарының сюжеттік қаңқасы И.С. Крыловтікі болғанымен жалпы рухына қарасаңыз қазақи түсініктен онша алшақ емес. Персонаждардың өзара қарым-қатынасы, өмір суреттері мен құбылыстары қазақ ұғымымен бейнеленеді.

Білім сәулесін шашқан «Әліпби», «Жаңа әліпби», Телжан Шонанұлымен бірігіп жазған «Бастауышқа арналған оқу кітабы» еңбектеріндегі оқушыларға

Сарқан ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

1. Сарқан қалалық округі бойынша:

1) Сарқан қаласы, М. Тынышбаев көшесі, № 356, Сарқан гуманитарлық колледжі ғимаратының жанындағы стенд; 2) Сарқан қаласы, Абай көшесі, № 65, Абай атындағы мектеп-гимназиясы ғимаратының жанындағы стенд; 3) Сарқан қаласы, Қалиев көшесі, № 34, Н. Островский атындағы мектеп-лицейі ғимаратының жанындағы стенд; 4) Сарқан қаласы, Қонаев және Урманов көшелерінің қиылысындағы стенд; 5) Сарқан қаласы, Урманов және Әуезов көшелерінің қиылысындағы стенд; 6) Сарқан қаласы, Бөгенбай-батыр және Д. Нұрпейісова көшелерінің қиылысындағы стенд; 7) Бірлік ауылы, Чепрасов көшесі, № 57, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

2. **Алмалы ауылдық округі бойынша:** 8) Алмалы ауылы, Абай көшесі, № 3, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд; 9) Абай ауылы, Абай көшесі, № 12а, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

3. **Аманбөктер ауылдық округі бойынша:** 10) Аманбөктер ауылы, Ы. Алтынсарин көшесі, № 12, фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

4. **Амангелді ауылдық округі бойынша:** 11) Пограничник ауылы, Сәтбаев көшесі, № 10, орталық кітапхана ғимаратының жанындағы стенд; 12) Пограничник ауылы, Б. Момышұлы көшесі, № 1, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд; 13) Қарауылтөбе ауылы, Арын көшесі, № 30а, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд; 14) Көкөзек ауылы, Әуезов көшесі, № 1, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

5. **Бақалы ауылдық округі бойынша:** 15) Бақалы ауылы, М. Көбдіков көшесі, № 45, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд; 16) Тасқұдық ауылы, Тоған көшесі, № 35, фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

6. **Екіаша ауылдық округі бойынша:** 17) Екіаша ауылы, Қ. Аманжолов көшесі, № 70а, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд; 18) Тополевка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 1, фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

7. **Қойлық ауылдық округі бойынша:** 19) Қойлық ауылы, Б. Макетов көшесі, № 94а, "Айдана" бала бақшасы ғимаратының жанындағы стенд; 20) Қойлық ауылы, Б. Макетов көшесі, № 45, К. Қазыбаев мәдениет үйі ғимаратының жанындағы стенд; 21) Қойлық ауылы, І. Жансүгіров көшесі, № 10, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

8. **Қарабөгет ауылдық округі бойынша:** 22) Қарабөгет ауылы, Арын көшесі, № 23, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд; 23) Қарабөгет ауылы, Абайдәлданов көшесі, № 32, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд; 24) Еркін ауылы, Д. Қонаев көшесі, № 4, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

9. **Көктерек ауылдық округі бойынша:** 25) Көктерек ауылы, Арын көшесі, № 12, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд; 10. **Қарашыған ауылдық округі бойынша:** 26) М. Төлебаев ауылы, М. Төлебаев көшесі, № 15а, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд; 27) М. Төлебаев ауылы, Жеңіс көшесі, № 1а, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд; 28) Үлгі ауылы, Байғамытов көшесі, № 12а, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд; 29) Шұбартүбек ауылы, Жетісу көшесі, № 6, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

11. **Лепсі ауылдық округі бойынша:** 30) Лепсі ауылы, Айша Бибі көшесі, № 3, ауылдық ауруханасы ғимаратының жанындағы стенд; 31) Лепсі ауылы, М. Төлебаев көшесі, № 21, мәдениет үйі ғимаратының жанындағы стенд; 32) Көкжиде ауылы, Төлебай-батыр көшесі, № 2, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

12. **Черкасск ауылдық округі бойынша:** 33) Черкасск ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 100, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд; 34) Қарғалы ауылы, Әбілқайырхан көшесі, № 2, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд; 35) Петропавловка ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 97, фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд; 36) Аққайың ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 54, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

13. **Шатырбай ауылдық округі бойынша:** 37) Шатырбай ауылы, Абылайхан көшесі, № 6, фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд; 38) Шатырбай ауылы, Нұғманов көшесі, № 31, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

Сарқан ауданында сайлаушылармен кездесуі үшін шарт негізінде кандидаттарға берілетін үй-жайлар

1. **Сарқан қалалық округі бойынша:** 1) Сарқан қаласы, Чепрасов көшесі, № 18, мәдениет үйінің акті залы; 2) Сарқан қаласы, М. Тынышбаев көшесі, № 356, Сарқан гуманитарлық колледжінің акті залы; 3) Бірлік ауылы, Чепрасов көшесі, № 3, Бірлік негізгі орта мектебінің акті залы;

2. **Алмалы ауылдық округі бойынша:** 4) Алмалы ауылы, Әбішев көшесі, № 3, Новопокровка орта мектебінің акті залы; 5) Абай ауылы, Абай көшесі, № 38, Тасарық орта мектебінің акті залы;

3. **Аманбөктер ауылдық округі бойынша:** 6) Аманбөктер ауылы, Смағұл көшесі, № 6, Аманбөктер орта мектебінің акті залы;

4. **Амангелді ауылдық округі бойынша:** 7) Пограничник ауылы, Сәтбаев көшесі, № 8, Пограничник орта мектебінің акті залы; 8) Қарауылтөбе ауылы, Бейбітшілік көшесі, № 8, Қарауылтөбе орта мектебінің акті залы; 9) Көкөзек ауылы, Фестивальная көшесі, № 5, Көкөзек орта мектебінің акті залы;

5. **Бақалы ауылдық округі бойынша:** 10) Бақалы ауылы, Көбдіков көшесі, № 44, К. Қазыбаев атындағы орта мектебінің акті залы; 11) К. Қазыбаев ауылы, Жаңақұрылыс көшесі, № 1, Ағарту орта мектебінің акті залы; 12) Тасқұдық ауылы, Киров көшесі, № 1, Тасқұдық бастауыш мектебінің акті залы;

6. **Екіаша ауылдық округі бойынша:** 13) Екіаша ауылы, Қ. Аманжолов көшесі, № 80, мәдениет үйінің акті залы; 14) Тополевка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 20, Тополевка орта мектебінің акті залы;

7. **Қойлық ауылдық округі бойынша:** 15) Қойлық ауылы, Макетов көшесі, № 45, К. Қазыбаев атындағы мәдениет үйінің акті залы;

8. **Қарабөгет ауылдық округі бойынша:** 16) Қарабөгет ауылы, Абайдәлданов көшесі, № 16, Эль-Фараби атындағы орта мектебінің акті залы; 17) Еркін ауылы, І. Жансүгіров көшесі, № 13, Еркін бастауыш мектебінің акті залы;

9. **Көктерек ауылдық округі бойынша:** 18) Көктерек ауылы, Арын көшесі, № . Мәметова атындағы орта мектебінің акті залы;

10. **Қарашыған ауылдық округі бойынша:** 19) М. Төлебаев ауылы, М. Төлебаев көшесі, № 15а, М. Төлебаев атындағы мәдениет үйінің акті залы;

11. **Лепсі ауылдық округі бойынша:** 20) Лепсі ауылы, М. Төлебаев көшесі, № 8, мәдениет үйінің акті залы; 21) Көкжиде ауылы, Төлебай батыр көшесі, № 18, Ерікті орта мектебінің акті залы;

12. **Черкасск ауылдық округі бойынша:** 22) Черкасск ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 16, Черкасск орта мектебінің акті залы; 23) Аққайың ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 25, Ленин бастауыш мектебінің акті залы; 24) Қарғалы ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 16, Қарғалы орта мектебінің акті залы; 25) Петропавловка ауылы, А. Құнанбаев көшесі, № 1, Петропавловка орта мектебінің акті залы;

13. **Шатырбай ауылдық округі бойынша:** 26) Шатырбай ауылы, Нұғманов көшесі, № 30, мәдениет үйінің акті залы;

Места для размещения агитационных печатных материалов в Сарканском районе

1. **По городскому округу Саркан:** 1) город Саркан, улица М. Тынышбаева, № 356, стенд у здания Сарканского гуманитарного колледжа; 2) город Саркан, улица Абая, № 65, стенд у здания школы-гимназии имени Абая; 3) город Саркан, улица Калиева, 34, стенд у здания школы-лицея имени Н. Островского; 4) город Саркан, стенд на пересечении улиц Конаева и Урманова; 5) город Саркан, стенд на пересечении улиц Урманова и Ауезова; 6) город Саркан, стенд на пересечении улиц Богенбай-батыра и Д. Нурпейисовой; 7) село Бирлик, улица Чепрасова, № 57, стенд у здания отделения почты;

2. **По сельскому округу Алмалы:** 8) село Алмалы, улица Абая, № 3, стенд у здания отделения почты; 9) село Абай, улица Абая, № 12а, стенд у здания медицинского пункта;

3. **По сельскому округу Аманбөктер:** 10) село Аманбөктер, улица Ы. Алтынсарина, № 12, стенд у здания фельдшерско-акушерского пункта;

4. **По сельскому округу Амангелды:** 11) село Пограничник, улица Сатбаева, № 10, стенд у здания центральной библиотеки; 12) село Пограничник, улица Б. Момышұлы, № 1, стенд у здания сельской врачебной амбулатории; 13) село Карауылтөбе, улица Арына, № 30а, стенд у здания медицинского пункта; 14) село Кокөзек, улица Ауезова № 1, стенд у здания медицинского пункта;

5. **По сельскому округу Бакалы:** 15) село Бакалы, улица М. Кобдикова № 45, стенд у здания сельской врачебной амбулатории; 16) село Тасқұдық, улица Тоған, № 35, стенд у здания фельдшерско-акушерского пункта;

6. **По сельскому округу Екиаша:** 17) село Екиаша, улица К. Аманжолова, № 70а, стенд у здания сельской врачебной амбулатории; 18) село Тополевка, улица Тәуелсіздік, № 1, стенд у здания фельдшерско-акушерского пункта;

7. **По сельскому округу Койлық:** 19) село Койлық, улица Б. Макетова, № 94а, стенд у здания детского сада "Айдана"; 20) село Койлық, улица Б. Макетова, № 45, стенд у здания дом культуры имени К. Казыбаева; 21) село Койлық, улица И. Жансүгурова, № 10, стенд у здания отделений почты;

8. **По сельскому округу Карабөгет:** 22) село Карабөгет, улица Арына, № 23, стенд у здания сельской врачебной амбулатории; 23) село Карабөгет, улица Абайдильданова, № 32, стенд у здания отделения почты; 24) село Еркін, улица Д. Конаева, № 4, стенд у здания медицинского пункта;

9. **По сельскому округу Коктерек:** 25) село Коктерек, улица Арына, № 12, стенд у здания отделений почты;

10. **По сельскому округу Карашыған:** 26) село М. Төлебаева, улица М. Төлебаева, №15а, стенд у здания отделений почты; 27) село М. Төлебаева, улица Женіс, №1а, стенд у здания сельской врачебной амбулатории; 28) село Улги, улица Байғамытова, № 12а, стенд у здания медицинского пункта; 29) село Шұбартүбек, улица Жетісу, № 6, стенд у здания медицинского пункта;

11. **По сельскому округу Лепсы:** 30) село Лепсы, улица Айша Бибі, № 3, стенд у здания сельской больницы; 31) село Лепсы, улица М. Төлебаева, № 21, стенд у здания дом культуры; 32) село Кокжиде, улица Төлебай-батыра, № 2, стенд у здания медицинского пункта;

12. **По сельскому округу Черкасск:** 33) село Черкасск, улица М. Тынышбаева, № 100, стенд у здания сельской врачебной амбулатории; 34) село Каргалы, улица Абилайқырхана, № 2, стенд у здания медицинского пункта; 35) село Петропавловка, улица М. Тынышбаева, № 97, стенд у здания фельдшерско-акушерского пункта; 36) село Акқайың, улица М. Тынышбаева, № 54, стенд у здания медицинского пункта;

13. **По сельскому округу Шатырбай:** 37) село Шатырбай, улица Абылайхана, № 6, стенд у здания фельдшерско-акушерского пункта; 38) село Шатырбай, улица Нұғманова, № 31, стенд у здания отделений почты;

Помещения, предоставляемых кандидатам на договорной основе для встреч с избирателями в Сарканском районе

1. **По Сарканскому городскому округу:** 1) город Саркан, улица Чепрасова, № 18, актовый зал дом культуры; 2) город Саркан, улица М. Тынышбаева, № 356, актовый зал Сарканского гуманитарного колледжа; 3) село Бирлик, улица Чепрасова, № 3, актовый зал основной средней школы Бирлик;

2. **По Алмалинскому сельскому округу:** 4) село Алмалы, улица Абишева, № 3 актовый зал средней школы Новопокровка; 5) село Абай, улица Абая, № 38, актовый зал средней школы Тасарық;

3. **По Аманбөктерскому сельскому округу:** 6) село Аманбөктер, улица Смағұла, № 6, актовый зал средней школы Аманбөктер;

4. **По Амангелдинскому сельскому округу:** 7) село Пограничник, улица Сатбаева, № 8, актовый зал средней школы Пограничник; 8) село Карауылтөбе, улица Бейбитшилик, № 8, актовый зал средней школы Карауылтөбе; 9) село Кокөзек, улица Фестивальная, № 5, актовый зал средней школы Кокөзек;

5. **По Бакалинскому сельскому округу:** 10) село Бакалы, улица Кобдикова, № 44, актовый зал средней школы имени К. Казыбаева; 11) село К. Казыбаева, улица Жанакұрылыс, № 1, актовый зал средней школы Ағарту; 12) село Тасқұдық, улица Кирова, № 1, актовый зал начальной школы Тасқұдық;

6. **По Екиашинскому сельскому округу:** 13) село Екиаша, улица К. Аманжолова, № 80, актовый зал дом культуры; 14) село Тополевка, улица Тәуелсіздік, № 20, актовый зал средней школы Тополевка;

7. **По Койлықскому сельскому округу:** 15) село Койлық, улица Макетова, № 45 актовый зал дом культуры имени К. Казыбаева;

8. **По Карабөгетскому сельскому округу:** 16) село Карабөгет, улица Абайдильданова, № 16, актовый зал средней школы имени Аль-Фараби; 17) село Еркін, улица И. Жансүгурова, № 13, актовый зал начальной школы Еркін;

9. **По Коктерекскому сельскому округу:** 18) село Коктерек, улица Арына, № 18, актовый зал средней школы имени М. Маметовой;

10. **По Карашығанскому сельскому округу:** 19) село М. Төлебаева, улица М.Төлебаева, № 15а, актовый зал дом культуры;

11. **По Лепсинскому сельскому округу:** 20) село Лепсы, улица М. Төлебаева, № 8, актовый зал дом культуры. 21) село Кокжиде, улица Төлебай батыра, № 18, актовый зал Ериктинской средней школы;

12. **По Черкасскому сельскому округу:** 22) село Черкасск, улица М. Тынышбаева, № 16, актовый зал средней школы Черкасск; 23) село Акқайың, улица М. Тынышбаева, № 25, актовый зал начальной школы Ленина; 24) село Каргалы, улица М. Тынышбаева, № 16, актовый зал средней школы Каргалы; 25) село Петропавловка, А. Құнанбаева, № 1, актовый зал средней школы Петропавловск;

13. **По Шатырбайскому сельскому округу:** 26) село Шатырбай, улица Нұғманова, № 30, актовый зал дом культуры;

